

Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік Кеңесінің 2001 жылғы 28 қыркүйектегі 1373 қарарын орындау жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 15 желтоқсан N 1644

Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік Кеңесінің 2001 жылғы 28 қыркүйектегі 1373 қарарын (бұдан әрі - БҰҰ ҚК-нің қарары) орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары және өзге де мүдделі мемлекеттік органдары (келісім бойынша) 1-қосымшаға сәйкес:

1) 2-қосымшаға сәйкес БҰҰ ҚК қарарының ережелерін орындау жөніндегі шараларды заңнамада белгіленген тәртіппен қабылдасын;

2) БҰҰ ҚК Терроризмге қарсы күрес жөніндегі комитетінің басшылыққа алынатын қағидаттарының негізінде 3-қосымшаға сәйкес БҰҰ ҚК-нің қарарын жүзеге асыру туралы мемлекеттердің баяндамалар әзірлеуіне және оларды ұсынуына қатысты жұмыс жүргізісін және жұмыстың нәтижелері бойынша ақпаратты 2001 жылғы 20 желтоқсанға дейін Қазақстан Республикасының сыртқы істер министрлігіне ұсынсын.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.11.20. N 1108 Қаулысымен.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі БҰҰ ҚК-нің қарары ережелерінің орындалу барысы туралы БҰҰ ҚК-нің Терроризмге қарсы күрес жөніндегі комитетіне баяндама әзірлесін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2001 жылғы 15 желтоқсандағы

N 1644 қаулысына

1-қосымша

Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары мен өзге де мүдделі мемлекеттік органдарының тізімі

1. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі;
2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі;
3. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі;
4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі;
5. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі;

6. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі;
7. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі;
8. Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі;
9. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі;
10. Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша);
11. Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы (келісім бойынша);
12. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі (келісім бойынша);
13. Қазақстан Республикасы Қаржы полициясының агенттігі.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2001 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1644 қаулысына

2-қосымша

Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік Кеңесінің 2001 жылғы
23 қыркүйектегі 1373-қарарының ережелері

Қ а у і п с і з д і к К е ñ е с

1 . Б а р л ы қ м е м л е к е т т е р :

- a) террорлық актілерді қаржыландыруды болдырмауы және олардың жолын кесуі;
- b) өздерінің азаматтары немесе өздерінің аумақтарында кез келген әдістермен, тікелей немесе жанама түрде осындай қаражатты террорлық актілер жасау үшін пайдалану ниетімен немесе олардың сондай мақсатқа пайдаланатындығын пайымдап саналы түрде қаражат бергені немесе қаражат жинағаны үшін қылмыстық жауапкершілік енгізуі;
- c) террорлық актілер жасаған немесе жасауға әрекеттенген немесе террорлық актілер жасауға қатысқан немесе оларды жасауға жәрдем көрсеткен адамдардың; тікелей немесе жанама түрде осындай адамдардың меншігінде немесе бақылауында болған ұйымдардың, сондай-ақ осындай адамдар мен ұйымдардың атынан немесе нұсқауымен жұмыс істейтін адамдар мен ұйымдардың, осындай адамдардың және оларға байланысты адамдар мен ұйымдардың тікелей немесе жанама түрде иелігіндегі немесе бақылауындағы меншіктің көмегімен алынған немесе тауып алынған қаражатты қоса алғанда, қаражатына және басқа да қаржылық активтеріне немесе экономикалық ресурстарына кідіріссіз тыйым салуы;
- d) террорлық актілер жасаған немесе жасауға әрекеттенген немесе оларды жасауға жәрдем көрсеткен немесе қатысқан адамдардың, осындай адамдардың тікелей немесе жанама түрде меншігіндегі немесе бақылауындағы ұйымдардың, сондай-ақ осындай адамдардың атынан немесе нұсқауымен жұмыс істейтін адамдар мен ұйымдардың мүдделері жолында тікелей немесе жанама түрде пайдалану үшін өз азаматтарының немесе өз аумағындағы кез келген адамдар мен ұйымдардың кез келген қаражатты,

қаржылық активтерді немесе экономикалық ресурстарды беруіне немесе қаржылық немесе өзге де тиісті қызметтер көрсетуіне тыйым салуы тиіс деп қаулы етеді.

2. Сондай-ақ, барлық мемлекеттер:

а) террорлық актілерге қатысы бар адамдар мен ұйымдарға, оның ішінде террорлық топтардың мүшелерін жалдап алудың жолын кесу және терроршыларға қару жеткізудің арналарын жою жолымен кез келген нысанда белсенді немесе керенаулық қолдау көрсетуден тартынуы;

б) террорлық актілерді жасауды болдырмау мақсатында, оның ішінде ақпарат алмасу арқылы басқа мемлекеттерді күні бұрын ескерту жолымен, қажетті шаралар қабылдауы;

с) террорлық актілерді қаржыландыратындарға, жоспарлайтындарға, қолдайтындарға немесе жасайтындарға немесе баспана беретіндерге баспана беруден бас тартуы;

д) террорлық актілерді қаржыландыратындардың, жоспарлайтындардың, қолдайтындардың немесе жасайтындардың осы мақсатпен өз аумағын басқа мемлекеттерге немесе олардың азаматтарына қарсы пайдалануына жол бермеу;

е) террорлық актілерді қаржыландыруға, жоспарлауға, әзірлеуге немесе жасауға немесе террорлық актілерді қолдауға қатысатын кез келген адамның сот жауапкершілігіне тартылуын қамтамасыз етуі және мұндай адамдарға қатысты кез келген басқа шаралармен қатар осындай террорлық актілердің мемлекетішілік заңдар мен ережелерде елеулі қылмыстық құқық бұзушылық ретінде бағалануын қамтамасыз етуі және осындай террорлық актілердің қауіптілігі жазалаудан тиісті түрде көрініс табуын қамтамасыз етуі;

ф) террорлық актілерді қаржыландыруға немесе қолдауға қатысы бар қылмыстық тергеуге немесе қылмыстық қудалауға байланысты, осындай қудалау үшін қажетті өздерінде бар дәлелдемелерді алуға жәрдем көрсетуді қоса алғанда, бір біріне жан-жақты жәрдем көрсетуі;

г) тиімді шекаралық бақылау жасау және жеке басын куәландыратын құжаттарды және жол жүру құжаттарын беруге бақылау жасау арқылы, сондай-ақ жеке басын куәландыратын құжаттарды және жол жүру құжаттарын бұрмалаудың, қолдан жасаудың немесе заңсыз пайдаланудың алдын алу шаралары арқылы терроршылардың немесе террорлық топтардың жүріп тұруын болдырмауы тиіс деп қаулы етеді.

3. Барлық мемлекеттерді:

а) жедел ақпаратты, әсіресе терроршылардың немесе террорлық жүйелердің іс-әрекеті мен қимыл-қозғалысы; қолдан жасалған немесе бұрмаланған жол жүру құжаттары; қарудың, жарылғыш заттардың немесе қосарланған мақсаттағы материалдардың сауда-саттығы; террорлық топтардың коммуникациялық технологияларды пайдаланғандығы; және террорлық топтардың жаппай қырып жоятын қаруды иемдену қаупі туралы ақпаратты алмасуды жандандырудың және жеделдетудің

м ү м к і н д і г і н

т а б у ғ а ;

b) террорлық актілер жасауды болдырмау мақсатында халықаралық құқыққа және мемлекетішілік заңнамаға сәйкес ақпарат алмасуға және әкімшілік пен сот мәселелерінде ынтымақтасуға;

c) террорлық шабуылдарды болдырмау және олардың жолын кесу және осындай актілер жасауға кінәлілерге қарсы шаралар қолдану мақсатында, әсіресе екі жақты және көп жақты тетіктер мен келісімдердің шеңберінде бірлесіп жұмыс істеуге;

d) 1999 жылғы 9 желтоқсандағы терроризмді қаржыландыруға қарсы күрес туралы конвенцияны қоса алғанда, терроризмге қарсы күрес туралы тиісті халықаралық конвенциялар мен хаттамалардың мүмкіндігінше тездетіп қатысушылары болуға;

e) терроризмге қатысты тиісті халықаралық конвенциялар мен хаттамаларды және Қауіпсіздік Кеңесінің 1269 (1999) және 1363 (2001) қарарларын толық жүзеге асыруға және осы саладағы ынтымақтастықты кеңейтуге;

f) баспана іздеп жүрген адамдар террорлық актілерді жоспарламағандығына, оларға жәрдемдеспегеніне және оларды жасауға қатыспағандығына көз жеткізу мақсатында, босқын мәртебесін бергенге дейін адам құқығы саласындағы халықаралық стандарттарды қоса алғанда, мемлекетішілік заңнаманың және халықаралық құқықтың тиісті ережелеріне сәйкес қажетті шаралар қабылдауға;

g) террорлық актілерді орындаушылар мен ұйымдастырушылар немесе олардың сыбайластары халықаралық құқыққа сәйкес босқын мәртебесін қиянат жасап пайдаланбауын қамтамасыз етуге және саяси себептерге сілтеме жасау террорға қатысы бар деп күдік келтірілген адамдарды ұстап беру туралы өтініштерді қабылдамау үшін негіз ретінде танылмауын қамтамасыз етуге шақырады.

4. Халықаралық терроризм мен трансұлттық ұйымдасқан қылмыстың, заңсыз есірткілердің, ақшаның жылыстауының, қарудың заңсыз айналымының және ядролық, химиялық, биологиялық және басқа да ажал себуге әлеуетті материалдардың заңсыз тасымалының арасындағы тығыз байланысты алаңдаушылық білдіріп атап өтеді және осыған байланысты осы елеулі құбылыс пен халықаралық қауіпсіздіктің қатеріне бүкіл әлемдік үн қатуды күшейту мақсатында ұлттық, кіші аймақтық, аймақтық және халықаралық деңгейлердегі күш-жігерді үйлестіруді жақсартудың қажеттілігін атап көрсетеді.

5. Терроризмнің актілері, әдістері мен практикасы Біріккен Ұлттар Ұйымының мақсаттары мен қағидаттарына қайшы келетінін және террорлық актілерді саналы түрде қаржыландыру мен жоспарлау және сондай актілерге арандату да Біріккен Ұлттар Ұйымының мақсаттары мен қағидаттарына қайшы келетінін мәлімдейді.

6. Қажетті сарапшыларды пайдалана отырып осы қарарды жүзеге асыруға бақылау жасау үшін өзінің рәсімінің уақытша ережелерінің 28-ережесіне сәйкес Кеңестің барлық мүшелерінен тұратын Қауіпсіздік Кеңесінің комитетін құруға қаулы етеді және барлық мемлекеттерді осы қарар қабылданған күнінен бастап 90 күннен кешіктірмей

осы комитетке баяндама ұсынуға, ал одан әрі комитет ұсынатын кестеге сәйкес осы қарарды жүзеге асыру үшін өздері қолға алған істер туралы баяндамаларын ұсынып отыруға шақырады.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2001 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1644 қаулысына

3-қосымша

БҰҰ ҚК Терроршылдықпен күрес жөніндегі комитетінің
БҰҰ ҚК 2001 жылғы 28 қыркүйектегі 1373-қарарының
6-параграфына сәйкес баяндамалар ұсыну жөніндегі басшылық
қағидаттары

1. Баяндаманың мақсаты

1.1. 2001 жылғы 28 қыркүйекте Қауіпсіздік Кеңесі қабылдаған 1373-қарардың (2001) 6-параграфы бойынша қарарды орындау мониторингі үшін Қауіпсіздік Кеңесінің Комитеті құрылады және барлық мемлекетті осы Комитетке қарарды орындау үшін қабылдаған қадамдарына қатысты баяндамалар ұсынуға шақырады. Келесі параграфта осындай баяндамаларды ұсыну бойынша басшылық баяндалған.

1.2. Осындай баяндамаларды әзірлеу кезінде мемлекеттер 1373-қарардың (2001) тиісті ережелеріне сілтеме жасай отырып, қабылданған заңнамалық және әкімшілік шараларды немесе осы қарарды орындауға жәрдемдесетін шараларды, сондай-ақ қарарда қарастырылған салалардағы басқа да күш-жігер жұмсауларды қысқа әрі анық етіп көрсетуге ұмтылуға тиіс.

1.3. Баяндама мазмұнына орай, қажеттілігіне байланысты, Комитет мемлекеттердің қосымша ақпарат немесе түсіндірме беруін сұрай алады. Комитет Қауіпсіздік Кеңесінің назарын, Комитеттің пайымдауынша, 1373-қарарды (2001) орындау жөніндегі күш-жігерді арттыруы қажет деп тапқан мемлекеттерге аудара алады.

1.4. Мемлекеттер, егер өздері қаласа, 1373-қарарды (2001) орындау жөнінде өздеріне қосымша басшылық немесе техникалық жәрдем қажет салаларды анықтай алады. Бұндай жәрдем көрсету үшін Комитет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың мүмкіндіктерін зерттейді.

2. Баяндамаларды беру мерзімі

2.1. 1373-қарардың (2001) 6-параграфы барлық мемлекетті баяндамаларды 1373-қарар қабылданғаннан кейін 90 күннен кешіктірмей беруге шақырады. Осыған байланысты мемлекеттер өздерінің алғашқы баяндамаларын ҚК Терроршылдықпен күрес жөніндегі комитетіне 2001 жылдың 27 желтоқсанына дейін немесе соған қарай тапсыруға тиіс. Комитет қалған баяндамаларды, Комитет мүдделі мемлекеттермен консультациялар жүргізгеннен кейін ұсынатын кестеге сәйкес, белгіленген тәртіппен тапсыруды сұрайды.

2.2. Комитет 1373-қарар (2001) қамтитын заңнамаларға және қызмет салаларына байланысты туындайтын қиындықтарды мойындайды және тиісті ұлттық парламенттік рәсімдеулерді сәйкестендіру қажеттігін атап көрсетеді. Мемлекеттердің тиісті салалардағы ресурстары мен техникалық құзыреттілігі бірдей еместігін де мойындайды. Комитет көмек көрсету мүмкіндіктерін мұқият қарауға немесе мемлекеттердегі осындай қиындықтарды еңсеруге одан әрі басшылық беруге ниетті. Дегенмен, Комитет барлық мемлекеттен мүмкіндігінше 2001 жылғы 27 желтоқсанға дейін немесе соған қарай 1373-қарардың 6-параграфын орындау жөнінде қабылданған шаралар туралы ақпараттық баяндамаларды даярлап беруін күтеді.

3. Мазмұны

3.1. Мемлекеттер 1373-қарардың өздерінің міндеттерін айқындайтын әрбір параграфы мен кіші параграфының тармақтары қалай орындалып жатқаны туралы баяндамалар тапсыруға тиіс. Баяндамаларда қандай заң кесімдері (нормаларды және басқа да заңнамалық тетіктерді қоса алғанда) қолданылуда немесе қолданылу үшін қарастырылуда; қандай әкімшілік іс-әрекеттер қабылдануда; қандай әрекеттер, егер мұндайлар бар болса, 1373-қарардың (2001) мазмұны мен мәніне сәйкес қабылданып үлгерді немесе орындау үшін қаралуда; 1373-қарар (2001) шеңберінде халықаралық ынтымақтастық деңгейін көтеру мақсатында қандай қадамдар жасалуда екені көрсетілуге тиіс.

3.2. Комитет мемлекеттер баяндаманы дайындау кезінде мына мәселелерді басшылыққа алар деп есептейді. Әрбір сұрақ немесе бірнеше мәселе 1373-қарардың (2001) белгілі бір параграфына немесе кіші параграфына жатады.

№ 1 қаулы етуші параграф

Кіші параграф (а) - Террорлық әрекеттерді қаржыландырудың алдын алу және тыйым салу үшін 1 (b)-(d)-сұрақтарына жауаптарда көрсетілгендерге қосымша қандай шаралар қабылданды?

Кіші параграф (b) - Осы кіші параграфта аталған іс-әрекеттерге қатысты Сіздің елде қандай шаралар мен жазалар бар?

Кіші параграф (с) - Банктердегі және қаржы институттарындағы шоттар мен активтерді тоқтатып қоюға арналған қандай заңнамалық және рәсімдік нормалар бар? Мемлекеттер осындай іс-әрекеттің кез келген мысалын ұсына алады.

Кіші параграф (d) - Осы кіші параграфта аталған іс-әрекеттерге тыйым салу мақсатындағы қандай шаралар бар?

№ 2 қаулы етуші параграф

Кіші параграф (а) - Осы кіші параграф ережелерін орындау үшін белгіленген қандай заңнамалық нормалар мен шаралар бар? Атап айтқанда, терроршыл топтардың тұрғындарды өз жағына тартуына тыйым салу үшін (2) терроршыларды қарумен жабдықтауды болдырмау үшін Сіздің елде (1) қандай шаралар (нормалар) қарастырылған?

Мұндай әрекеттердің алдын алуға басқа қандай шаралар жәрдемдеседі?

Кіші параграф (b) - Террорлық әрекеттерді өткізуге тыйым салу мақсатында, соның ішінде, қандай алдын алу және басқа мемлекеттермен ақпарат алмасу тетіктері бар?

Кіші параграф (c) - Терроршыларға пана беруге тыйым салатын қандай заңнамалық нормалар немесе рәсімдер бар, мәселен, осы кіші параграфта аталған адамдардың мемлекетте болуы мен одан шығарып жіберуді көздейтін қандай заңдар бар?

Мемлекеттер осындай әрекеттердің мысалдарын ұсына алады.

Кіші параграф (d) - Сіздің мемлекеттің аумағынан басқа мемлекеттерге немесе олардың азаматтарына терроршылар әрекеттерін болдырмау үшін қандай заңнамалар немесе рәсімдер бар? Мемлекеттер осындай мысалдарды ұсына алады.

Кіші параграф (e) - Террорлық әрекеттерді ауыр криминалдық қылмыс ретінде айқындайтын және осындай террорлық әрекеттердің ауырлығына лайықты жаза белгілеуді қамтамасыз ететін қандай қадамдар белгіленген? Осындай айып тағулар мен жазалау шаралары мысалдарын ұсыныңыздар.

Кіші параграф (f) - Басқа мемлекеттерге жәрдемдесуге қолданылып жүрген қандай рәсімдер мен тетіктер мүмкіндік береді? Осындай ынтымақтастықтың мысалдарын ұсыныңыздар.

Кіші параграф (g) - Шекаралық бақылау терроршылардың қозғалысын қалай болдырмайды? Мемлекет аумағында жүріп-тұруға мүмкіндік беретін жеке адамды куәландыратын құжаттарды беруде аталған мақсатқа жету үшін қандай факторлар қосымша құрал міндетін атқарады? Осы құжаттарды қолдан жасауды болдырмау үшін қандай шаралар қабылданды?

№ 3 қаулы етуші параграф

Кіші параграф (a) - Осы кіші параграфта баяндалған салаларда жандандыру және жедел ақпарат алмасуды шапшаңдату үшін қандай қадамдар белгіленген?

Кіші параграф (b) - Осы кіші параграфта баяндалған салаларда өзара ақпарат алмасу және ынтымақтастықты қамтамасыз ету үшін қандай қадамдар жасалған?

Кіші параграф (c) - Кіші параграфтарда баяндалған салаларда ынтымақтастық бойынша қандай қадамдар белгіленген?

Кіші параграф (d) - Осы кіші параграфта көрсетілген конвенциялар мен хаттамаларға қол қою және/немесе бекітуге қатысты Сіздің Үкіметіңіздің қандай ниеттері бар?

Кіші параграф (e) - Осы параграфта көрсетілген конвенцияларды, хаттамаларды және қарарды жүзеге асыру жөніндегі кез келген тиісті ақпаратпен қамтамасыз етілсін.

Кіші параграф (f) - Босқын мәртебесі берілгенге дейін пана іздеуші адамдардың терроршылдыққа қатыстылығын анықтау үшін қандай заң кесімдері, рәсімдер мен тетіктер қарастырылған? Тиісті кез келген мысалдарды келтіруіңізді өтінеміз.

Кіші параграф (g) - Босқын мәртебесін терроршылардың пайдалануын болдырмау

жөнінде қандай рәсімдер қарастырылған? Терроршылдыққа күдіктілерді беруге сұрау салуларға бас тарту үшін негіз ретінде саяси мәні бар талаптарды тануға кедергі болатын заңнамалардың және/немесе әкімшілік рәсімдердің егжей-тегжейлі жай-жапсарын ұсыныңыз. Тиісті мысалдар келтіруіңізді өтінеміз.

3.3. Мемлекеттер 1373-қарардың (2001) 4-параграфында баяндалған мәселелер бойынша ақпаратты қоса алғанда, тиісті қосымша ақпараттарды баяндамаға енгізе алады. Олар сонымен қатар қарарды жүзеге асыру жөніндегі жалпы шолуды және өздері тап болған кез келген проблемаларды сипаттай алады.

3.4. Мемлекеттер Комитетке жоғарыда көрсетілген кіші параграфтардағы келтірілген мысалдарды қамтамасыз ететін ақпараттарды, егер олар тиісті зерттеу немесе сот рәсімдерін жүргізуге кедергі келтіретін болса, ұсынуға міндетті емес.

4. Жәрдем беру

4.1. Мемлекеттер өздерінің қалауы бойынша техникалық жәрдем көрсету немесе 1373-қарарына (2001) немесе осы қарардың 6-параграфына сәйкес Комитет үшін баяндамалар даярлау процесінде қарастырылған аспектілер бойынша қосымша консультациялар қажеттігі жөнінде өздерінің баяндамаларында көрсете алады немесе Комитетті жеке хабардар ете алады. Комитет мемлекеттерге, халықаралық және аймақтық ұйымдарға жәрдем көрсету қажеттігін зерттейді. Комитет ақпараттарды көмек көздері мүмкіндіктерімен салыстыра отырып, сұралған жәрдемді қамтамасыз ету жолдарын мұқият қарастырады.

5. Баяндамалардың көлемі және тапсыратын мекен-жайы

5.1. Баяндамалар БҰҰ ресми тілінде жазылуы және Комитетке тапсырылуы тиіс.

5.2. Баяндамалар Терроршылдыққа қарсы күрес жөніндегі комитеттің Хатшылығына, Саяси қатынастар департаментіне S-3520-A бөлмесіне, БҰҰ Хатшылығы, Нью-Йорк, NY 10017 (ф.+1 212 963 7878) жіберілуге тиіс.

5.3. Жариялылық мақсатында, әрбір баяндама Қауіпсіздік Кеңесінің құжаты ретінде т а р а т ы л а д ы .

5.4. Егер, кейбір ақпаратты құпия түрде қалдыру қажет болған жағдайда, мемлекеттер баяндамаға тек Комитет мүшелері арасында ғана таралатын, құпия қосымша ұсына алады.

6. Одан арғы басшылық

Комитет қажетіне қарай әлсін-әлсін қосымша басшылықтар шығара алады.